

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ

БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

Алматы қ.

2017 жылғы 5 сәуір

"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ Америка Құрама Штаттарының "Инвестициялық компаниялар туралы" Заңының 17f-7 Қағидасының талаптарына сәйкестігі туралы

"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Америка Құрама Штаттарының "Инвестициялық компаниялар туралы" Заңының 17f-7 Қағидасын (бұдан әрі – 17f-7 қағидасы) зерделеп, өзінің 17f-7 Қағидасының талаптарына сәйкестігін растайды, бұған сәйкес америкалық инвестициялық компанияларға, қорларға, сондай-ақ кастодиандарға шетелдік депозитарийде ол "бағалы қағаздардың лайық депозитарийі" болып табылатын жағдайда ғана активтерді сақтауға рұқсат етіледі (Eligible Securities Depository).

Лайықты депозитарий мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- 1) заңды тұлға ретінде тіркелген еліміздегі бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алудың немесе бағалы қағаздарды сақтаудың орталықтандырылған жүйесі немесе бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алудың немесе сақтаудың халықаралық жүйесі ретінде іс-әрекет жасауға;
- 2) ұлттық қаржылық реттеуші органның бақылауымен қызметті жүргізуге;
- 3) есеп айырысу-депозитарлық жүйенің қатысушысы болып табылатын кастодианға депозитарийдің басқа клиенттеріне қызметті ұсыну шартынан тиімділігі кем емес жағдайда активтерді сақтау қызметтерін беруге;
- 4) клиенттердің әрбірінің активтерін бірегейлендіруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ депозитарийдің меншікті активтерін клиенттердің активтерінен бөлуді қамтамасыз ететін есепке алуды жүргізуге;
- 5) клиенттерге сақтауда тұрған активтер бойынша есептілікті, соның ішінде клиент шотының қозғалыстары туралы хабарламаны тұрақты түрде беруге;
- 6) қадағалау органдары немесе тәуелсіз аудиторлар тарапынан тұрақты тексерулерден өтуге.

Орталық депозитарий 17f-7 Қағидасының талаптарына жауап береді және бағалы қағаздардың лайық депозитарийі болып табылады, себебі:

- 1) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 1-бабының 73-тармағына сәйкес Орталық депозитарий – Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын және басқа номиналды ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметін

көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірден-бір мамандандырылған коммерциялық емес ұйым. Бұдан өзге, жоғарыда аталған заңның 80-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Орталық депозитарий ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша және оның депоненттерінің (депоненттердің өздерінің арасында; бір жағынан депонент және екінші жағынан басқа депоненттің клиенті арасында; әртүрлі екі депоненттің клиенттері арасында), сондай-ақ өзге де клиенттердің қатысуымен ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша қаржы құралдарында есеп айырысуларды жүзеге асырады;

- 2) жоғарыда аталған заңның 3-бабының 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (уәкілетті орган) Орталық депозитарийдің қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;
- 3) клиенттерге қызметті көрсету тәртібі Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағымен сипатталған, дербес ерекшеліктер Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағымен көзделмеген. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу мөлшері мен тәртібі Орталық депозитарийдің Тарифтер мен алымдар туралы ережесімен анықталды, бұл жағдайда Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларға қатысты "Ақпараттық-есепке алу орталығы" (Қазақстан Республикасы) АҚ үшін ғана дербес ерекшелік белгіленген;
- 4) жоғарыда аталған заңның 45-бабының 5-тармағына сәйкес клиенттердің (Орталық депозитарий депоненттерінің) қаржы құралдарын Орталық депозитарий меншікті активтерден жеке есептейді және депозитарий банкрот болған жағдайда мүліктік массаға және (немесе) орталық депозитарий мүлкінің құрамына енгізілмейді;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысына сәйкес Орталық депозитарий өзінің клиенттері және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында жеке шоттарының (қосалқы шоттарының) жай-күйі, банктік шоттардың және көрсетілген шоттар бойынша жүргізілетін операциялары туралы есеп береді. Клиенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) және банктік шоттарынан үзінді көшірмелерді ұсыну мерзімдері Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағымен белгіленеді;
- 6) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 78-бабының 1-тармағына сәйкес қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті. Бұдан өзге, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 3-бабының 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган өз құзыреті шегінде эмитенттердің, Орталық депозитарийдің, бірыңғай тіркеушінің және лицензиаттардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың қызметіне тексеру жүргізеді.